



Дескриптор туралы түсінік

ДАЙЫНДАҒАН: МУЗАФАР Ж

ТОБЫ: БКБ-203

ҚАБЫЛДАҒАН: БИСАЛЫЕВА Р





жоспар:

Критерийалды бағалау жүйесі

Критерийалды бағалау

Жиынтық бағалау

Дескриптр





Тапсырмалардың орындалуын қадағалау үшін дескрипторлар құрылады.

Дескриптор дегеніміз – тапсырмаларды орындау кезіндегі нақты

қадамдарды көрсететін сипаттама.

Сабақ барысындағы қалыптастырушы бағалаудың әр түрлі кезеңдерінде оқу мақсаттарына сәйкес құрастырылған тапсырмалар беріледі.

Тапсырмалардың ашық және жабық түрлері болады.

Жабық тапсырмалардың бірнеше түрі бар: бір жауапты таңдау, бірнеше

дұрыс жауабы бар, сәйкестігін анықтау, бізділікті анықтау.

Ашық тапсырмаларға қысқаша жауап беру, толық жауап беру, эссе жазу

жатады.

Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін оқытудың белсенді

әдістерін қолдану керек.



Критериалды бағалау жүйесі

Критериалды бағалау

Қалыптастырушы
бағалау

Жиынтық бағалау



Анықтамасы:

Критериалды бағалау

оқушылардың оқу-танымдық құзыретін қалыптастыруға жағдай жасайтын, білім беру мақсаты мен мазмұнына сәйкес білім беру процесіне қатысушылардың (оқушылар, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Критерий

ұсынылған талаптарға сәйкес бір нәрсені бағалау бойынша шешім қабылдау ережесі, негіздемесі және белгісі. Әр критерийдің дискрипторы болады, онда оқу тапсырмасының орындалу нәтижесінің дұрыстығы туралы нақты түсінік беріледі. Дискрипторға сәйкес бағалау оқушының қойған мақсатына жетуін анықтайды.

Қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау - оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі



Жиынтық бағалау

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы, орта білім деңгейі), сондай-ақ оқу бағдарламаларындағы бөлімдер/ортақ тақырыптарды аяқтаған кезде балл және баға қою арқылы жүргізілетін бағалау түрі




Дескриптор

Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы. Дескриптор – оқушының ең жақсы нәтижеге жетудегі әрбір қадамын сипаттайтын нақты бір ұпай бойынша жетістік деңгейі, әрбір деңгей белгілі ұпай санымен бағаланады: жетістік жоғары болған сайын – сол критерий бойынша ұпай да көп болады;

Дескриптор:

Білім алушы

- өсімдіктің негізгі мүшелерін атайды;
- өсімдіктің тамырын «Т» әрпімен белгілейді;
- өсімдіктің сабағын «С» әрпімен белгілейді;
- өсімдіктің жапырағын «Ж» әрпімен белгілейді;
- өсімдіктің гүлін «Г» әрпімен белгілейді;
- өсімдіктің жемісін «Ж» әрпімен белгілейді.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!**

